



Ақмешіт

30 сәуір
сенбі

№34 (1839)

2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

ЕЛ ҮМІТІН АРҚАЛАҒАН «AMANAT»

«Amanat» Жаңа Қазақстанды құру үшін жүйелі жұмыс істеуі тиіс. Партия мемлекеттік органдардың мәселесін ашып көрсететін, сайлаушылардың мүддесін барынша қорғайтын саяси күш болуы қажет. Яғни партия ел үмітін арқалап отыр.

Мемлекет пен қоғамды тұбейгейлі жаңарту үдерісі басталды. «Amanat» осы жүйелі өзгерістерге белсене атсалысып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға үлес қосып келеді. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Amanat» партиясының кезектен тыс XXIII съезінде айтты.

– «Amanat» әлеуметтік әділдік қағидатын орнықтыруға баса мән береді. Мемлекеттілікті нығайту және ел бірлігін бекемдеу – ұйымның айрықша миссиясының бірі. Өткен съезде партияға ребрендинг жасау қолға алынды. Сондай-ақ оны институционалдық тұрғыдан жаңарту жұмысы басталды. Партия бұл міндеттерді орындауға дереу кірісіп кетті. Нақты нәтиже бар, өзгерістерді қазірдің өзінде көріп отырмыз. Осы қарқынды бәсеңдетпей, жұмысты одан әрі жалғастыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

2 БЕТТЕ

ҚАЛАҒА ЖАҢА ӘКІМ КЕЛДІ



Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қызылорда қалалық мәслихаттың келісімі бойынша Қызылорда қаласының әкімі лауазымына Шәменов Асылбек Өмірбекұлы тағайындалды.

Асылбек Өмірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Халықаралық туризм», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай-газ кен орындарын игеру» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын «Қызылорда интеграция» компаниясының менеджері ретінде бастаған.

Әр жылдары жеке секторда жауапты басшылық қызметтер атқарған.

Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолын ең төменгі сатыдан бастап, кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің коммуналдық шаруашылық саласына жетекшілік ететін орынбасары, Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы қызметіне дейін саты-сатысымен, меритократия қағидатымен көтерілді.

2020 жылдың наурыз айынан бастап Жалағаш ауданының әкімі қызметін абыроймен атқарып келді.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

«Бақ қайда барсын? Бірлігі жарасқан елге барамын!» Ал бірлік болмайтын жерде береке де, тірлік те болмайтыны бесенеден белгілі. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Елімізде жыл сайын айтулы мереке кең көлемде тойланады. Татулық, бірлік, келісім – кез келген ел үшін ең асыл іс. Бұл ұғым – Қазақстан халқының да өмірлік ұстанымы. Себебі қазақта «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген тәмсіл бар. Сондықтан татулық – әрбір қазақстандықтың тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қастерлеп, қадіріне жете білуі тиіс басты құндылық.

БІРЛІК – БІЗДІҢ ҚАСИЕТТІ ТУЫМЫЗ



Қазақстан – достық мекені. Бүгінде құшағы кең қазақ елінде 130-дан астам этнос өкілдері мекен етеді. Ал Сыр өңірінде 35 өзге ұлт өкілі бар. Еліміздегі барша халықтың жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір. Олардың мақсат-мүддесі ортақ, достығы берік.

Олар тағдырдың тар жол тайғақ кешуінде қазақ жерін паналап, өсіп-өнді. Қазіргі кезде бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Сондықтан көпұлтты қазақ елі үшін бұл мереке бір күн емес, жыл он екі ай тойланса да жарасады.

2 БЕТТЕ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 150 ЖЫЛ



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының немере қарындасы Ұлжан Қанапияқызының тұңғышы Манаш Өтегенқызы бүгінде Сыр өңірінде тұрады. Ұлжан әжеміз жұбайы Өтеген Исмайлұлы екеуі 1930 жылдар шамасында Сыр өңіріне қоныс аударған. Ахмет Байтұрсынұнов Өтеген ақсақалды жанына жақын тұтып, інісідей қамқор болған деседі. Екеуі Омбы қаласындағы Приходская мектебінде бірге оқыған. Ол соңғы қамалуының алдында «қарындасым саған аманат» деп тапсырған көрінеді. Содан екеуі бас қосып, шаңырақ көтереді. Бүгінде олардан тараған ұрпақтары өсіп-өніп, бір қауым елге айналған.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЖИЕНІ СЫР ӨҢІРІНЕ ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

Манаш Өтегенқызының айтуынша, бір күні Ахмет әкем Өтегенге «Большевиктер келіп, маған жақын жуықтың бәрін қудалап жатыр. Амалы келсе ағайынды жинап, Сыр өңіріне қоныс аударыңдар», – деп хат жазыпты. Содан бір түннің ішінде жаяу жалпылап, Сырдария бойына келіп жайғасыпты. Өрине, туған жерден, ағайыннан ажырап, елден жырақ кету үлкен қасірет. Мұнда келген соң біраз жатырқап

жүрдік. Бірақ бізді бауырына тартып, өз көмегін аямаған ағайынға ризамын. Өрине, ол кезде Ахметтің туысқаны екенімізді ешкімге айтқан жоқпыз. Бертін келе бәрі тынышталған соң там-тұмдап естіді, – дейді бізбен әңгімесінде.

Кеңестік жүйенің салқын саясаты сол кездері талай алаш арысына айтарлықтай зардабын тигізді. Жер аударылды, атылды, абақтыға жабылды. Сонда олар жеке басын күйттеп қудаланған жоқ. Қазақ ұлтының кемел келешегі үшін күресті. Басын бәйгеге тігіп, ұлт жолында жанын пиде етті.

«Ахмет ағамды алғаш он жасымда көрдім. Кішікөлдін жағасындамыз, баламыз ғой таңертең көл жағасындағы

қамысты қайырлардан қаздың жұмыртқасын жинаймыз. Арасында үйге жүгіріп келіп, шешемізге көмектескен болып жатамыз. Бір күні тұс ауа ел іші шу ете қалмасы бар ма. «Ахмет келді, Ахмет ағам келді», – деп ауыл балалары үйді-үйге жар салып, сүйінші сұрасын мәз болып жүр. Сәлден кейін арбамен Ахмет келді. Үстінде аппақ кителі бар. Ауыл ортасындағы бір ақсақалдың үйіне келіп түсті. Үлкендер жағға үйге кіріп кетті де, ұзақ уақыт сонда болды. Менің есімде қалғаны үйден бір жеңгелеріміз шықты да бізге бір қаңылтыр қауашақтағы тәттілер таратты. Нағашымның сол жарқын бейнесі әлі күнге көз алдымда», – дейді асылдың сынығы өз сөзінде.

4 БЕТТЕ

ОЛАР МЕЙІРІМГЕ ЗӘРУ...

Сәбидің бәрі бақытты болу үшін жаралған. Дегенмен ата-ананың аялы алақаны бәріне бірдей жете бермейтіні өкінішті. Сыр өңірінде өмірлік қиын жағдайға тап болған сәбилерге сая болатын мекеме бар. Бұл шаңырақ астына сан қилы тағдыр тоғысқан. Бірі шыр етіп дүниеге келген сәттен «тастанды» атанса, бірі – аузынан ана сүті кетпей жатып жетімдіктің керек дәмін татқандар. Ал енді бірі – тіршілік-тұрмыс тауқыметінен бала-шағаға мойын бұруға шамасы келмей, уақытша осы жерге қалдыруға мәжбүр болғандардың балалары.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының «облыстық мамандандырылған сәбилер үйі» мекемесі жан жылуына зәру бөбектерге қамқорлық көрсетуде. Бұл мекеме бір ғасырдан астам уақыттан бері мейірімге шөлдеген балаларды бауырына басып, қоғамға онтайлы бейімделіп кетуіне барынша жағдай жасап келеді. Мекеменің бас дәрігері Гүлсім Ержанова мұндағы балақайлардың өмірі туралы кенінен баяндап берді.

– Бұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, некесіз жас анадан туған, сонымен қатар ақыл-ой, дене дамуында кінәрат кездесетін балаларға медициналық көмек көрсетіп, тәрбие беру-

ге арналған денсаулық сақтау мекемесі. Сондай-ақ біздің шаңырақ – тағдыр тарауында тұрмыс тепірішінен қара басын күйттеп кетсе де, бауыр еті баласын тастанды еткісі келмейтін жандарға зор мүмкіндік береді. Біз өмір дағдарысына ұшыраған осындай ата-ананың сәбиін 4 жасқа дейін бағып-қағып береміз. Олардың балаларымен кездесіп тұруына бар мүмкіндік жасалған. Себебі қамқорлығымыздағы әрбір баланың тағдырына бей-жай қарай алмаймыз. Десе де қара басын ойлап, уақытша деп тапсыратын кей ата-ананың арасында сол күйі ат ізін салмай кететіндері де жоқ емес, – деді бас дәрігер.

4 БЕТТЕ



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!

Сан ұлттың басын біріктіріп, татулықтың тұтқасы, бірліктің бесігі болған Тәуелсіз еліміздің мерейлі мерекесі, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мамыражай мамырдың алғашқы күнімен қатар келетін осынау шуақты мереке, халқымыздың достық сезімге ынтық, ыстық ықыласын дәлелдейтін, ынтымағы ырысқа, бірлігі берекеге ұласқан еліміздің ұлы мерекелерінің бірі.

Ел Тәуелсіздігін ширек ғасырдан астам уақыт ішінде біздің мемлекетіміз – достық пен ынтымақтың шаңырағын биік көтеріп, сан түрлі ұлттар мен ұлыстардың бауырмалдығына арқау болып, бейбітшіліктің мекені атанды.

Расында, біздің бүгінгі жеткен жетістігіміздің барлығы еліміздегі тыныштық пен татулықтың, бірлік пен берекеңіз арқасында екені айқын.

Бүгінде достық, сенім, ынтымақ, бірлік ұғымдары этноссына, діни сеніміне қарамастан, барлық азаматтар үшін айнымас берік ұстанымдарға ұласып, қоғамдық келісім мен мәдени және тілдік әралуандылық өсіп-өркендеуіміздің негізіне, басты байлығымызға, ортақ игілігімізге айналды.

Достықты ту етіп, бірлікті темірқазық санап, ынтымақты ырысына балаған қазақ елінің даңқы асқақтай берсін!

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Бейбіт еліміздің берекесі артып, халқымыздың бірлігі жарасып, әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім орнасын.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, достығымыз мәңгі болсын!

Ізгі тілекпен,
қала әкімі А.ШӘМЕНОВ

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2022 жылдың
екінші жарты жылдығына
жазылу жүзінде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз
төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз
болса, мына нөмірлерге
хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08

